

**Анкара қаласында (Түркия Республикасы) Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдік ғимараты кешенін салу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 4 желтоқсан N 1795. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.11.27. N 1527 қаулысымен. ~P011527

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Шаруашылық басқармасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - "Заем алушы") заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен тартқан, мемлекеттік емес заем қаражаты есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасының Анкара қаласындағы (Түркия Республикасы) дипломатиялық өкілдіктің ғимараты кешені құрылысының ж о б а с ы м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жобаға экономикалық сараптама жүргізсін және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тиісті қ о р ы т ы н д ы н ы ұ с ы н с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

3 000 000 (үш миллион) АҚШ доллары мөлшеріндегі негізгі борышты және кепілдік берушінің төлеуіне жататын өзге де төлемдерді қамтитын, тартылған мемлекеттік емес заем бойынша жалпы сомаға Заем алушының міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету ретінде "2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен бекітілген мемлекеттік кепілдік беру лимиті шегінде, кредиторға Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін б е р с і н ;

Заем алушымен көрсетілген мемлекеттік кепілдікті беруге байланысты

туындайтын міндеттемелерді қамтамасыз ету туралы тиісті келісім жасасын.

4. Заем алушы заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік кепілдікті алуға үміткер тұлғаларға қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз етсін.

5.

қаулысымен.

Р001963\_

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә.Өтембаевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.